

## Анықтама №8

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы 2026 жылдың 28 сәуір күні тамақтану сапасына мониторинг жұмысын жүргізді.

**Негіздеме:** 29.08.2025 жылы шығарылған №30 орта мектебі директорының №279 бұйрығы.

Комиссия төрағасы:

1. Ж.Бекбаева - Мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

2. Д.Бекпанова - (бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары)
3. Е.Сунгатов – әлеуметтік педагог
4. А.Таужанова – медбике
5. Б.Сәрсенов – шаруашылық жөніндегі орынбасары
6. Н.Бисембаев – қамқоршылық кеңес мүшесі
7. А.Сәркеева – ата-аналар комитетінің төрағасы

Мектеп асханасына мониторинг жүргіздік.

### Анықталғаны:

Асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, барлық санитарлық талапқа сай. Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі қанағаттанарлық деңгейде. Асханадағы барлық құрал-жабдықтар жарамды.

Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар, тамақ өнімдерінің тізбесі бар.

Мектеп директорының перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын алдағы күнге бекіткен ас мәзірінде тағамдар қайталанбайды, жас ерекшелігі мен нормасы көрсетілген және ол оқушылар мен ата-аналарға танысу үшін қолайлы жерге ілінген.

Тамақ сапасын бақылау мақсатында комиссия күнделікті дайын тамақтан бракераж алып отырады, барлық уақытта тамақтың дәмі, иісі, құрамы нормаға сай болды және ол туралы бракераж журналға жазылған. Оқушылардың мектеп асханасынан күнделікті тамақтануы мектеп медбикесі, сынып жетекшілер тарапынан қадағаланады.


Мектеп медбикесі асхана қызметкерлерін күнделікті тексеріп, қызметкерлерді жұмысқа жіберуге рұқсат етуді тіркеу журналына жазған.

### Комиссия қорытындысы:

Тамақ өнімдерінің сапасы, тағамдардың дайындалу технологиясы талапқа сай. Асханадағы тазалық ережелерінің нормалары сақталған. Азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің шығымы өз деңгейінде.

### Ұсыныс:

1. Мерзімі өткен тамақтардың болмаудың, бекітілген мәзірді қысқарту фактілерін болдырмаудың алдын алып, асхана жұмысы комиссия тарапынан үнемі бақылауда болсын.
2. Асхана тазалығы, дайын тағамдар сапасы, күнделікті сынама алу қадағалансын.
3. Барлық құжаттар «Мектептік тамақтану» айдарына орналастырылсын.

Әлеуметтік педагог  Е.Сунгатов